

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D011 –  
Педагогика және психология (6D010300/8D01101 – Педагогика және психология)  
бағыты бойынша Диссертациялық кеңестің 2025 жылғы  
ЕСЕБІ**

**1. Өткізілген отырыстар саны жайлы мәліметтер**

2025 жылы 8D011 – Педагогика және психология (6D010300/8D01101 – Педагогика және психология) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін құрылған диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңесінің 7 отырысы өткізілді.

**2. Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері (болған жағдайда)**

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

**3. Оқу орындары көрсетілген докторанттардың тізімі**

1. Берекбусунова Гулжан Маульшарифқызы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

2. Рапикова Сандугаш Ануарбековна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

3. Цао Жянь(Cao Ran), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

4. Абуханова Ажар Базарбаевна, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті;

5. Исабекова Айнаш Кабуловна, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті;

6. Салыбекова Фарида Муратовна, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті;

7. Алпысбай Ләйла Алпысбайқызы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

**4. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:**

Берекбусунова Гулжан Маульшарифқызының диссертациясы бойынша:

**1)Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау**

*Диссертация тақырыбы* – Кәсіби даярлық үрдісінде болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің педагогикалық бағыттылығын қалыптастыру.

*Мамандық:* 6D010300 – Педагогика және психология

*Ғылыми кеңесшілері* – Альмухамбетов Берикжан Айткулович – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, профессоры Petrulyte Ala, Vytautas Magnus University.

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

*Қорғау* 2025 жылы 17 қаңтарда өтті.

**Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:**

1.Зерттеу барысында «педагогикалық бағыттылық», «болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің педагогикалық бағыттылығы» ұғымдарының мәні, мазмұны, қызметі, өзара байланысы нақтыланып, авторлық анықтама ұсынылды.

2.Кәсіби даярлық үрдісінде болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің педагогикалық бағыттылығын қалыптастырудың жүйелілік, аксиологиялық, әрекеттік, тұлғалық-бағдарлық, құзыреттілік тұғырлары негізделді.

3.Кәсіби даярлық үрдісінде болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің педагогикалық бағыттылығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылды.

4. Қазақ спорт және туризм академиясының 6B01401-«Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы аясындағы «Педагогикалық мамандыққа кіріспе» пәні мен оқу-тану практикасының негізінде «Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің педагогикалық бағыттылығы» элективті курсы даярланып, тиімділігі тәжірибелік экспериментте негізделді.

**2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары**

## **ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы**

Докторанттың зерттеу жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен және ҚР дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасымен байланысты.

### **3) Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау**

Автор құрастырған «Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің педагогикалық бағыттылығы» атты элективті курсты Қазақ спорт және туризм академиясының 6B01401-«Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы аясындағы «Педагогикалық мамандыққа кіріспе» пәні мен оқу-танысу практикасында, дене шынықтыру саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру жүйесінде пайдалануға болады.

### **Рапикова Сандугаш Ануарбековнаның диссертациясы бойынша:**

#### **1) Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау**

*Диссертация тақырыбы* – «Болашақ педагог-психологтардың психодиагностикалық іс-әрекетті ұйымдастыруға дайындығын қалыптастыру.

*Мамандық:* 6D010300 – Педагогика және психология

*Ғылыми кеңесшілері* – Көшербаева Айгерим Нуралиевна педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Айхан Урал – доктор, профессор, Гази университеті.

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған. *Қорғау* 2025 жылы 17 қаңтарда өтті.

#### **Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:**

1. Заманауи құбылыстарды, нормативтік дереккөздерді, ғылыми әдебиеттерді конструктивті және мазмұнды талдау негізінде педагог-психологтың кәсіби қызметіндегі психодиагностикалық іс-әрекеттің алатын орны нақтыланып, «Болашақ педагог-психологтардың психодиагностикалық іс-әрекетті ұйымдастыруға дайындығы» ұғымының терминологиялық мәні ашылып, авторлық анықтамасы ұсынылды.

2. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби әрекетті ұйымдастыруға дайындығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталды; жүйелілік, тұлғаға бағдарлы, іс-әрекеттік, құзыреттік, ақпараттық ғылыми тұғырлардың мазмұны ашылды.

3. Болашақ педагог-психологтардың психодиагностикалық әрекетті ұйымдастыруға дайындығын қалыптастырудың ұстанымдары, психологиялық-педагогикалық шарттары негізделіп, құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді, осыған сәйкес өлшемдер мен деңгейлер анықталды.

4. Болашақ педагог-психологтардың психодиагностикалық әрекетті ұйымдастыруға дайындығын қалыптастырудың кешенді бағдарламасы таксономия және домен деңгейлері иерархиясы құрылымында ұсынылды, соның негізінде «Психологиялық-педагогикалық диагностика», «Білім берудегі психодиагностика» атты элективті курстар, әдістемелік ұсынымдар әзірленді; тиімділіктері тәжірибелік-эксперименттік сынақта тексеріліп Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасына енгізілді.

### **2) Ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы**

Автор бәсекелестікке қабілетті болашақ педагог-психологтардың психодиагностикалық іс-әрекетті ұйымдастыруға дайындығын қалыптастыру мақсатын ҚР Жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен және ҚР «Педагог мәртебесі» Заңымен, ҚР «Педагог» кәсіптік стандартымен ұтымды байланыстырған.

### **3) Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау**

Автор әзірлеген «Болашақ педагог-психологтардың психодиагностикалық іс-әрекетті ұйымдастыруға дайындығын қалыптастыру кешенді бағдарламасын», соның негізінде дайындалған «Психологиялық-педагогикалық диагностика», «Білім берудегі психодиагностика» элективті курстарын ЖОО оқыту процесінде қолданылуға болады.

**Цао Жаньнің (Сао Ран) диссертациясы бойынша:**

**1) Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау**

*Диссертация тақырыбы* – Көпмәдениетті білім беру ортасында шетел студенттерінің коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары.

*Мамандық:* 6D010300 – Педагогика және психология

*Ғылыми кеңесшілері* – Сарсенбаева Лязиза Оналбаевна - психология ғылымдарының кандидаты, доцент, Тұран университеті, Малахова Ирина Александровна – педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Беларусь мемлекеттік мәдениет және өнер университеті.

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

*Қорғау 2025 жылы 24 қаңтарда өтті.*

**Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:**

1. «Шетел студенттерінің коммуникативтік дағдылары» ұғымына авторлық ғылыми анықтама беріліп, мәні сипатталды.

2. Халықаралық және ұлттық университеттердің көпмәдениетті ортасында шетел студенттерінің коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары анықталды және негізделді.

3. Компоненттері, психологиялық-педагогикалық шарттары, кезеңдері, деңгейлері мен өлшемдері айқындалған ЖОО-ның көпмәдениетті ортасында шетелдік студенттердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұнды моделі жасалды.

4. ЖОО-ның көпмәдениетті ортасында шетел студенттерінің коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың бағдарламасы әзірленіп, оның тиімділігі эксперименталды түрде тексерілді.

**2) Ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы**

Зерттеу жұмысы «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» қойылып отырған ХХІ ғасырдың жаһандық және қазіргі заманғы құндылық құзыреттері аспектісінде жүзеге асырылатын жоғары білім беруді жаңғырту және экономиканы технологиялық жетілдіру жағдайында елге құзыреттердің әмбебап жиынтығына ие және жүйелі ойлау қабілеті бар кадрлар даярлау міндеттеріне сәйкес келеді.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: студенттердің қабілеттерін сипаттайтын оқыту дескрипторлары – бұл осы саладағы озық білімдерге негізделген, зерттелетін саладағы білім мен түсініктерді көрсету; кәсіби деңгейде білімді қолдану және түсіну, зерттелетін саладағы дәлелдемелерді қалыптастыру және мәселелерді шешу. Сондықтан ЖОО-ның көпмәдениетті ортасында шетелдік студенттердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары бойынша іздену және оны жүзеге асыру Қазақстан Республикасында және халықаралық білім беру кеңістігінде білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен тығыз байланысын көрсетеді.

**3) Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау**

– шетелдік студенттердің коммуникативтік іскерліктерінің ұсынылған компоненттері мен деңгейлері, оларды анықтау критерийлері, сондай-ақ диагностикалық құралдар кешенін оқытушылар, студенттерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, студенттердің тұлғасын диагностикалау, дамыту және психологиялық түзету мақсатында қолдануы мүмкін;

– шетелдік студенттердің коммуникативтік іскерліктерін қалыптастыруға үшін әзірленген бағдарламаны оқытушылар, эдвайзерлер мен психологтар жоғары оқу орнында білім берудің барлық кезеңдерінде пайдалана алады;

– зерттеуде қамтылған теориялық қағидалар, алынған нәтижелер мен қорытындылар әртүрлі типтегі (ұлттық және халықаралық) университеттердің полимәдени ортасының сапасын жетілдірудің негізі бола алады.

**Абуханова Ажар Базарбаевнаның диссертациясы бойынша:**

**1) Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау**

*Диссертация тақырыбы* – Заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігін дамыту.

*Мамандық:* 6D010300 - Педагогика және психология

*Ғылыми кеңесшілері* – Ыбыраимжанов Калибек Турдыгазиевич – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Унгарбаева Шынар Уатханована – педагогика ғылымдарының кандидаты І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Туркер Курт – философия докторы PhD, профессор, Гази университеті.

Диссертация Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде орындалған.

*Қорғау* 2025 жылы 16 мамырда өтті.

***Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:***

- шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулерін талдау негізінде «педагогтердің кәсібилігі» мәселесіне қатысты ұғымдар жүйеленіп, нақтыланды;

- заманауи білім беру мазмұнының жаңартылған білім беру, Post-COVIDтік кезеңдері мен бүгінгі жағдайы сипатталып, педагогтердің кәсібилігінің даму ерекшеліктері мен ұстанымдары айқындалып, соған сәйкес тұлғалық-бағдарлы, акмеологиялық, субъектік-әрекеттік, жүйелілік тұғырлары негізделді;

- заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагог-модератор, педагогсарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер біліктілік санаттарына сәйкес когнитивтік, әдістемелік, зерттеушілік, рефлексивтік құзыреттіліктері айқындалды; педагогтердің кәсібилігін дамытудың психологиялық - педагогикалық шарттары мен бағыттары анықталды;

- заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігін дамытудың компоненттері мен өлшемдері, құрылымдық- мазмұндық моделі анықталып, «Заманауи педагогтердің кәсібилігін дамыту» кешенді бағдарламасы, әдістемесі әзірленді, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелденді.

**2) Ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы**

Автордың диссертация тақырыбы мен алынған нәтижелері ҚР Жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына; ҚР «Педагог мәртебесі» Заңына көрсетілген жаңа талаптарға, «Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту» туралы ҚР Оқу – ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығына сәйкес келеді.

**3) Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау**

Докторант «Заманауи педагогтердің кәсібилігін дамыту» атты кешенді бағдарлама даярлап, педагогтердің кәсібилігін біліктілік санаттарына сәйкес құзыреттіліктерін дамыту мақсатында төрт бағытта (оқу-ұйымдастырушылық, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік және стратегиялық) ұйымдастырған. Зерттеу жұмысы аясында «Педагогтің кәсібилігін дамытудың негіздері» атты оқу құралын жарыққа шығарған. Педагогтердің кәсібилігін дамытуда педагогикалық біліктілік санаттарына сәйкес тиімді әдіс – тәсілдері жүйеленген. Зерттеу барысында алынған нәтижелерді педагогикалық шеберлік орталықтарында, болашақ педагогтерді даярлау мен педагогтердің білімін жетілдіру қызметінде қолдануға болады.

**Исабекова Айнаш Кабуловнаның диссертациясы бойынша:**

**1) Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау**

*Диссертация тақырыбы* – Мұғалімдердің кәсіби мәртебесін әдістемелік жұмыстарды синергиялау негізінде қалыптастыру.

*Мамандық:* 6D010300 – Педагогика және психология

*Ғылыми кеңесшілері* – Тургунбаева Ботагуль Алтаевна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Туркер Курт – PhD доктор, профессор, Гази университеті.

Диссертация І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде орындалған.

*Қорғау* 2025 жылы 16 мамырда өтті.

***Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:***

1. Оқу үрдісін әдістемелік сүйемелдеу мәселесі тарихи-генетикалық тәсілдерді қолдану арқылы талданды. Білім беру сапасын арттыруға және қоғамның зияткерлік әлеуетін нығайтуға бағытталған әдістемелік жұмыстың ұйымдастырушылық нысандарын қалыптастырудың кезеңдері сипатталды.

2. Ғылыми дереккөздерді талдау негізінде зерттеудің «мәртебе», «кәсіби мәртебе», «мұғалімнің кәсіби мәртебесі» ұғымдарының мәні нақтыланып, «мұғалімнің кәсіби мәртебесі» түсінігіне авторлық нұсқадағы анықтама берілді.

3. Синергетика білім беру субъектілерінің өзін-өзі ұйымдастыруы мен өзін-өзі дамытуын қамтамасыз ететін әдіснама ретінде негізделді. Сызықтық емес ойлау жағдайында мұғалімдердің өзін-өзі ұйымдастыруына ықпал ететін синергия ұстанымдарына негізделген әдістемелік жұмыстың әлеуеті, оның мұғалімдердің шеберлігін, шығармашылық белсенділігін дамытуға және кәсіби мәртебесін қалыптастыруға ықпалы сипатталды.

4. Әдістемелік жұмысты синергиялау негізінде мұғалімнің кәсіби мәртебесін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұнды моделі жасалды. Оның негізгі: мақсаттық, мотивациялық, процессуалдық, бағалаушылық компоненттері, ұйымдастырушылық, қалыптастырушылық, нәтижелік блоктары, барлық элементтерінің тұтастығы мен өзара байланысын қамтамасыз ететін көрсеткіштер, әдістер, құралдар мен деңгейлері анықталды.

5. Тәжірибеге бағытталған зерттеу өнімдері: - әдістемелік жұмысты синергиялау негізінде мұғалімдердің кәсіби мәртебесін қалыптастырудың кешенді бағдарламасы; - «Әдістемелік жұмыс: дәстүрден инновацияға» атты ғылыми-әдістемелік құрал; - педагогтардың біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы даярланды. Бұл материалдар білім беру тәжірибесінде сынақтан өтті және олардың тиімділігі расталды.

***2) Ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы***

Автордың «Мұғалімдердің кәсіби мәртебесін әдістемелік жұмыстарды синергиялау негізінде қалыптастыру» атты зерттеу жұмысының тақырыбы «Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту» туралы ҚР Оқу – ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығымен, «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңымен және әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың нормативтік талаптарына сәйкестігімен расталған (ҚР БҒМ 2007.11.29 № 583 бұйрығы.)

***3) Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау***

Автор әдістемелік жұмыстарды синергиялау негізінде мұғалімдердің кәсіби мәртебесін қалыптастырудың кешенді бағдарламасын әзірленіп, тәжірибеден өткізген. Сондай-ақ практикада қолдануға болатын «Әдістемелік жұмыстар: дәстүрден инновацияға» атты ғылыми әдістемелік - құрал әзірленіп, баспадан шығарған. Жоғары оқу орындары оқытушылары, біліктілікті арттыру саласы қызметкерлері, докторанттар мен магистранттарға арналған 80 сағаттық «Әдістемелік жұмыстарды синергетикалық тұрғыда ұйымдастыру» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасын даярлаған. Зерттеу нәтижелерін мектепшілік әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруда, ЖОО тәжірибесінде, біліктілікті арттыру үдерісінде пайдалануға болады.

**Салыбекова Фарида Муратовнаның диссертациясы бойынша:**

***1) Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау***

*Диссертация тақырыбы* – Білім берудің 4К моделі арқылы болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

*Мамандық:* 6D010300 – Педагогика және психология

*Ғылыми кеңесшілері* – **Алметов Негматжан Шадиметович** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, **Южел Гелишли** – философия докторы (PhD), профессор, Гази университеті.

Диссертация М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде орындалған. *Қорғау 2025 жылы 5- қыркүйекте өтті.*

***Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:***

1. Білім берудің 4К моделі негізінде болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделді.

2. Білім берудің 4К моделі негізіндегі болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі ұғымының мәні мен құрылымы нақтыланды.

3. Білім берудің 4К моделі негізінде болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрастырылды және оны жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық шарттары анықталды.

4. Білім берудің 4К моделі арқылы болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі әзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент негізінде тексерілді.

***2) Ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы***

Докторанттың диссертация жұмысының тақырыбы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік міндетті стандартында көрсетілген болашақ педагогтарды даярлау талаптарына, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңында көрсетілген оқу жұмыстарын ұйымдастыру мен «Педагог мәртебесі туралы» Заңында көрсетілген мұғалім дайындығын қамтамасыз ету мәселелеріне, «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» сияқты мемлекеттік бағдарламалардың басымды бағыттарына сәйкес келеді. Сонымен қатар Президенттің Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдауларында келтірілген тапсырмаларды басшылыққа алуымен сипатталады.

***3) Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау***

Автор әзірлеген «Білім берудің 4К моделі арқылы болашақ шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» атты элективті курс пен аталған курстың тақырыптары кіріктірілген «Шеттілдік білім берудің әдістемесі және бағалау» пәнінің мазмұнын, «Methodology of foreign language education» оқу құралын шет тілі мұғалімдерін даярлау барысында пайдалануға болады.

***Алпысбай Ләйла Алпысбайқызының диссертациясы бойынша:***

***1) Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;***

*Диссертация тақырыбы* – Мектептің білім беру ортасын өлшеу мен бағалауда болашақ педагог-психологтардың құзыреттіліктерін дамыту.

Білім беру бағдарламасы: 8D01101 – Педагогика және психология.

*Ғылыми кеңесшілері* – Кошербаева Айгерим Нуралиевна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Неслихан Караман – доктор, профессор, Анкара университеті.

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

*Қорғау 2025 жылы 23-қазанда өтті.*

***Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:***

1. Терминологиялық және құрылымдық-мазмұндық талдау негізінде «орта», «білім беру ортасы», «мектептің білім беру ортасы» ұғымдарының философиялық, психологиялық-педагогикалық аспектілері сипатталды.

Автордың «Мектептің білім беру ортасын өлшеу және бағалауда болашақ педагог-психологтардың құзыреттілігін дамыту» ұғымына берген анықтамасы жеке тұлғаның әлеуметтік және белсенділік мәні мен оның дамуының көп факторлы сипаты туралы тұжырымдамалық ережелерге негізделген.

2. Мектептің білім беру ортасын өлшеу мен бағалауда болашақ педагог-психологтардың құзыреттіліктерін дамытудың әдіснамалық негіздері жүйелілік, құзыреттілік, интегративтік (*кеңістіктік-пәндік*: Т.Ниит, М.Хейдметс, Й.Круусвал, *экологиялық-тұлғалық*: Е.А.Климов, Г.А.Ковалев, В.А.Ясвин), квалиметриялық ғылыми тұғырлардың мазмұнын сипаттаумен айқындалған.

3. Мектептің білім беру ортасын өлшеу мен бағалауда болашақ педагог-психологтардың құзыреттіліктерінің ерекшеліктері нақтыланып, ауқымды конструктивті талдау арқылы мектеп пен педагогикалық университеттердің консорциум бағыттары және маңыздылығы негізделген.

4. Мектептің білім беру ортасын өлшеу мен бағалауда болашақ педагог-психологтардың құзыреттіліктерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылды, оны іске асыратын педагогикалық және психологиялық шарттары негізделді; ЖОО-ң «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының зерттеу шеңберіндегі академиялық мүмкіндіктері нақтыланған.

5. Құрылымдық-мазмұндық модель қағидаларына сәйкес танымдық және квалиметриялық екі бөлімнен тұратын «Халықаралық SACERS өлшемдер негізінде болашақ педагог-психологтардың құзыреттіліктерін дамыту» кешенді авторлық бағдарламасы ұсынылды, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік сынақта тексеріліп, дәлелденген.

Бағдарламаның *танымдық бағыты*: 1-4 курс студенттеріне арналған «Педагогика және психология» бағдарламасынан мектептің білім беру ортасын өлшеу және бағалауға қажетті теориялық біліммен қамтамасыз етенін пәндер таңдалды; пәндердің *силлабустарына студенттердің өздік жұмыстарының тақырыптары ұсынылып, кіріктірілген.*

Бағдарламаның квалиметриялық бағыты отандық мектептердің ерекшеліктеріне сәйкес халықаралық SACERS (School-Age Care Environment Rating Scale) шкаласының 48 индикаторын модификациялау (толықтыру) арқылы жүзеге асырылды. «Педагогика және психология» БББ 1-4 курс студенттерінің педагогикалық тәжірибе бағдарламалары SACERS өлшемдерімен сәйкестендіріліп, мектептің білім беру ортасын кешенді бағалауды қамтыды.

**2) Ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылаумен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы**

Докторанттың зерттеу жұмысының негізгі идеясы Мемлекет Басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: цифрлық трансформация арқылы өзекті міндеттер және оларды шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауының қағидаларына; ҚР Жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына, ҚР «Педагог мәртебесі» Заңының сәйкес келеді.

**3) Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау**

Автордың «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының өлшеу мен бағалауға бағытталған пәндер силлабустарына ұсынылған өзіндік жұмыс тақырыптарын, «Халықаралық SACERS өлшемдер негізінде болашақ педагогпсихологтардың құзыреттіліктерін дамыту» кешенді авторлық бағдарламасын, мектеп жасындағы білім алушылардың білім сапасын кешенді бағалауға арналған SACERS-Updated модификацияланған (толықтырылған) өлшемдер нұсқасын, «Педагогика және психология» бағытындағы білім беру бағдарламаларын әзірлеуде, 1-4 курс бакалавриат студенттерінің педагогикалық практикасын ұйымдастыруда, кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінде мектеп психологтарын қайта даярлауда, мектептегі психологиялық қызметті жетілдіруде пайдалануға болады. Сондай-ақ, ҚР Білім беру ұйымдарының білім беру сапасын арттыруда сараптамалық ұйымдар үшін құнды болып табылады.

## **5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге)**

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Диссертациялық кеңес туралы ережесіне сәйкес рецензенттер ретінде докторанттың зерттеу саласы бойынша Комитеттің Басылымдар тізбесіне және/немесе Web of Science Core Collection немесе Scopus, деректер базасына енгізілген журналдарда және /немесе шетелдік рецензияланатын басылымдарда 5 (бес) ғылыми мақаласы немесе 1 (бір) монографиясы (жеке жазылған) бар ғалымдар тағайындалды. Рецензенттер докторанттың диссертациясын талапқа сай талдап, өз шешімдерін ұсынды.

### **Берекбусунова Гулжан Маульшарифқызының диссертациясы бойынша:**

1) Лекерова Гульсим Жанабергеновна – психология ғылымдарының докторы, профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті (Шымкент қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 19.00.07);

2) Исаев Абдінабі Исаұлы – философия докторы (PhD), Халықаралық туризм және меймандостық университеті (Түркістан қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 6D010300 – Педагогика және психология).

### **Рапикова Сандугаш Ануарбековнаның диссертациясы бойынша:**

1) Тоқсанбаева Нургул Коргаджановна – психология ғылымдарының докторы, Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 19.00.01);

2) Казиев Карас Оржанович – философия докторы (PhD), Психология және педагогика кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті (Атырау қ., Қазақстан) (мамандық шифры: 6D01101 – Педагогика және психология).

### **Цао Жаньнің (Сао Ран) диссертациясы бойынша:**

1) Кульгильдинова Тулебике Алимжановна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 13.00.02);

2) Жорабекова Айнур Назимбековна – философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (Шымкент қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 6D010300-Педагогика және психология).

### **Абуханова Ажар Базарбаевнаның диссертациясы бойынша:**

1) Абильдина Салтанат Куатовна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессор-зерттеушісі (Қарағанды қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 13.00.01);

2) Оразбаева Кульдархан Оналбековна – философия докторы (PhD), Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті (Көкшетау қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 6D010300 – Педагогика және психология).

### **Исабекова Айнаш Кабуловнаның диссертациясы бойынша:**

1) Бахишева Светлана Мендығалиевна – педагогика ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті (Орал қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 13.00.01);

2) Муканова Саулеш Димкешевна – педагогика ғылымдарының докторы, доцент, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қарағанды қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 13.00.01).

### **Салыбекова Фарида Муратовнаның диссертациясы бойынша:**

1) Беркимбаев Камалбек Мейрбекович – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Кентау институтының директоры, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ (Түркістан қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 13.00.08);

2) Жигитбекова Бакыт Дастановна – психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., Абай атындағы ҚазҰПУ (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 19.00.07).

### **Алпысбай Ләйла Алпысбайқызының диссертациясы бойынша:**

